

Маңызды стратегиялық мәні бар қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 мамырдағы N 504 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2004 жылғы 28 сәуірде Душанбе қаласында (Тәжікстан Республикасы) өтетін Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Интеграциялық комитетінің он сегізінші отырысына Қазақстан Республикасы делегациясының қатысуы үшін "Еуро-Азия Эйр" авиакомпаниясы" ашық акционерлік қоғамы сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар Астана - Душанбе - Астана бағыты бойынша арнайы рейсті жүзеге асыру жөніндегі қызметтер көрсетуді беруші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

2004 жылға арналған республикалық бюджетте 005 "Шетелдік іссапарлар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы шарт ж а с а с у д ы ;

осы қаулыға сәйкес қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды; осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі